



## ПРЕЗИДЕНТ ОЗНАКОМИЛСЯ С ДЕЯТЕЛЬНОСТЬЮ ЦЕНТРА АБАЯ



В рамках рабочей поездки в Атыраускую область Глава государства ознакомился с работой Центра Абая.

Касым-Жомарт Токаев осмотрел передвижную выставку, где в качестве экспонатов были представлены национальные музыкальные инструменты, принадлежавшие выдающимся казахским деятелям. Наряду с домброй Абая Кунанбаева здесь можно увидеть инструменты Дины Нурпеисовой, Махамбета Утемисова, известного ученого Акселеу Сейдимбека, композитора и писателя Ильи Жаканова, а также Нургисы Тлендиева, Рысбая Габдиева, Каршыги Ахмедьярова, Азидоллы Ескалиева, Асимы Измухамбетовой, Айгуль Улкенбаевой и других видных деятелей искусств. Представленные на выставке экспонаты хранятся в фондах Атырауского областного историко-краеведческого музея.

В Центре Абая школьники овладевают различными видами

искусств в творческих кружках.

Президент осмотрел проекты, созданные в STEM-лаборатории JasSpace, а также послушал кюй Курмангазы «Балбырауын» в исполнении молодых домбристов.

– Молодцы! Замечательно! Как говорил наш уважаемый акын Кадыр Мырза-Али «Настоящий казах – не казах, истинный казах – это домбра». Истинный казах должен быть таким! – сказал Глава государства.

Затем в шахматном клубе Касым-Жомарт Токаев побеседовал с группой молодых гроссмейстеров, среди которых была и Зарина Нурғалиева, которая в этом году добилась победы на чемпионате мира среди игроков до 14 лет в Румынии. Президент поинтересовался планами юной шахматистки на будущее и пожелал ей дальнейших успехов.

akorda.kz.

## Компетентность и преданность службе

На первый взгляд, работа сотрудника кадровой политики не видна, но функций у этого подразделения множество: учет кадров, присвоение званий, награждений и поощрений, выдвижения сотрудников на вышестоящие должности, назначение пенсий, вопросы социальной защиты сотрудников и членов их семей, ветеранов органа внутренних дел, а также семей сотрудников, погибших при исполнении своих служебных обязанностей - это далеко не полный перечень, который выполняет кадровый аппарат в системе МВД РК. Казалось бы, указанный вид не выявляет, не раскрывает



преступления, не задерживает лиц, причастных к их совершению, не расследует уголовные дела, однако, основной задачей является тщательный отбор кандидатов, чтобы они успешно выполняли

свои служебные задачи, стали грамотными специалистами, способными быть компетентными в вопросах службы, были стрессоустойчивы, поскольку работа в полиции напрямую связана с оперативным принятием решений, общением с гражданами, разрешением их проблемных ситуаций.

Вся эта ответственная работа лежит на плечах опытного сотрудника полиции, ранее проработавшего во внутренних войсках РК, а ныне заместителя начальника ОП Буландынского района по кадровой политике подполковника полиции Кайрата Суиндыковича Тасова, который служит в органах внутренних дел с августа 2001 года. Начинать службу курсантом Петропавловского высшего военного училища внутренних войск МВД РК. Как и многие его ровесники, Кайрат Тасов любил смотреть фильмы про Анискина и других героев, олицетворяющих мужество и патриотизм, с детства мечтал служить Родине. Прослужив после окончания училища в рядах внутренних войск МВД РК, был переведен в департамент полиции Акмолинской области, где проработал на различных должностях в управлении специализированной подготовки. Молодого, энергичного, с подтянутой строевой выправкой молодого сотрудника заметили в руководстве полиции. В настоящее время Кайрат Суиндыкович работает с кандидатами и проводит набор в отдел полиции Буландынского района. Является примерным семьянином, воспитывает троих детей, но иначе и быть не могло, т.к. кадровый офицер в первую очередь должен быть для всех примером. За отличные показатели и успехи в службе был неоднократно поощрен руководством и совсем недавно ему присвоено звание «Подполковник полиции». Однако, сам герой скромно отвечает, что главная оценка для блюстителя порядка - это оценка народа.

## Сотрудница банка предотвратила мошенничество

Ранее между банком и полицией было составлено негласное соглашение о проверке кредитных займов, вызывающих подозрение. 5 октября жительница г. Макинск гр. С. обратилась в филиал АО «Народного банка» для оформления перевода денежных средств

третьим лицам. В ходе разговора с клиентом менеджер банка Динара Буркитбаева, заподозрив сомнительные действия, отговорила клиента от перевода денежных средств. Также при дальнейшей беседе с клиенткой было установлено, что она ранее подписалась в социальных сетях на инвестиции «Халык». После чего на её телефон поступать звонки якобы от менеджера банка о необходимости перевода комиссии в размере 25 000 тенге, где указали номер карты. Ранее менеджер банка была уведовлена органами внутренних дел о фактах интернет-мошенничества на территории района, в связи с этим менеджер сообщила полицейским о подозрительном звонке, поступившем клиентке. Так, благодаря бдительности менеджера банка был предотвращен факт мошенничества. Ущерб клиенту и банку не причинен. Рекомендовано обратиться в правоохранительные органы.

В районном отделе полиции состоялось награждение бдительной сотрудницы банка Динары Буркитбаевой. Начальник районного отдела полиции, полковник полиции Айбек Балгожин выразил благодарность сотруднице банка за гражданскую, профессиональную ответственность и принципиальность, пожелал благополучия и высоких достижений в работе.

По материалам районного отдела полиции.





# КӨКШЕНІҢ КӨК ҚАРШЫҒАСЫ

Төлеген Қажыбай – 80 жыл

Сұлу сөздің хас шебері, кең тынысты ақын, қарымды қаламгер, көзі тірісінде-ақ «Көкшенің көк қаршығасы» атанған сөз зергері, данагөй абызы Төлеген Сыздықұлы Қажыбайдың дүниеге келгеніне биыл 80 жыл толмақ. Әттең, арамызда болғанда арда ақынның 80 жылдығын ел болып атап өтіп, ерекше құрмет көрсетер едік.

Амал қанша, ортамыздан алыстап мәңгілікке кете берді. Бірақ Төлеген аға ел-жұртының алғысын алып, ыстық ықыласына бөленген ақын. Төкеңе 1980 жылы «Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» атағы берілді. Көкшетау қаласының Құрметті азаматы. Жіпке тізер болсақ Төкең алған марапат, жеткен жетістіктер жетіп артылады. Өз басым Төлеген ағаны алғаш рет облыстық ақындар мүшайрасында көрдім. «Қоңыр» деген лақып атпен қатысып, мүшайраның бас жүлдесін алғаны әлі есімде. Кейін тағы бір облыстық ақындар мүшайрасында Төкең қазылар алқасының төрағасы болды. Сол мүшайрада маған елдің алдында батасын беріп еді. Содан кейін-ақ Төлеген ағаны жаныма жақын тартып, Көкшеге барғанда арнайы іздеп барып сәлем беріп кетіп жүрдім. Жақынырақ таныған сайын ол кісіге деген құрметім арта түсті.

Жалпы Төкеңді, Төкеңнің шығармашылығын білмейтін қазақ жоқ.

«Әсем әуен дала кезіп барады-ай, Өгүгәй, әгүгәй, әгүгәй-ай.

Ару балқып, жігіт төмен қарады-ай, Өгүгәй, әгүгәй, әгүгәй-ай.

Селт етерлік сезім кетті сел болып, Домбырамның әгүгәй-ай күйі төкенде шанағы...»-деп басталатын «Өгүгәй Домбырасы» әр қазақтың жүрегінде жаттаулы екені анық. Қысқаша өмірдеріне тоқтасалсақ Төлеген Қажыбай 1942 жылы 12 желтоқсанда қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша ауданы Ортақ ауылында дүниеге келген. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын бітірген. «Көкшетау правдасы», «Коммунизм нұры», «Солтүстік Қазақстан», «Арқа ажары» газеттерінде қызмет етті. Өмірінің соңына дейін «Бұқпа» газетінің бас редакторы болды. Қазақстан Жазушылар одағы Ақмола филиалының төрағасы. «Жолбасы», «Жанымның жапырақтары», «Жырлайды жүрек», «Қарасай дастан», «Сексен көл сылдыры», «Жыр-ғұмыр», «Айналайын атыңнан», «Құлдан қырғыны», «Қан кешу», «Махаббат әні», «Жеті жыл», «Көкшетау қарлығаштары», «Ақиқат жолы алыс жол», «Самурайдың серт семсері», «Сәулем — менің ауылым» кітаптарының авторы. Бірнеше дастары мен қатар «Ұмытпа мені, Гәккуім»,



«Жындар биі», «Зауал», «Хан Кененің қазасы» драмалары бар. Өлеңдері, әңгімелері әлемнің көптеген тілдеріне аударылған.

Төкең жайлы қазақтың маңдайын біткен белгілі ақыны Көкше өнерінің айтулы да, ардақты азаматы Төлеген Қажыбаевтың қылқаламынынан туған сан түрлі шығармаларына ертеден қызыға қарап, назар аударып жүруші едім. Біріншіден, ол ең алғашқы қарлығашы «Жол басы» атты өлеңдер жинағын 1977 жылы ел жүрегіне ұшырған кезінен бастап, жыр сүйер қауымның құлағын елең еткізді»-десе, халық жазушысы Сәкен Жүнісов: «Төлеген Қажыбай менің ұғымымша, орта деңгейдегі жақсы ақын емес, биік деңгейдегі ғажап ақын. Бұл пікірге мен бір күнде, бір сәтте туа қалатын, бір өлеңін оқып таңырқай қалатын жылт етер сезіммен келген жоқ. Кейде ондай да, қателікке ұрындырмайтын сезім болады. Ал, мен Төлегеннің поэзиялық шығармаларын (әңгіме, повестері бір төбе) ара-тұра оқып жүріп, сүйсінумен келдім бұл пікірге», - деген екен. Көкшенің қазіргі қаламгері, айтыс өнерінің ақтаңгері Құдайберлі Мырзабек:

Айтатын тура қадап төтесінен,  
Көкшетау айырылды Төкесінен.  
Жалғанмен жағаласқан жан жай тауып,  
Жабылды амал-дәптер беті осымен.  
Бір жұлдыз ағып Көкше аспанынан,  
Көз жазып қалды ақындар асқарынан.  
Өлеңмен өзек жалғап өмір сүрген,  
Жан еді туы биік бас қамынан.  
Үлгісін өнеге етіп қалам алған,  
Мен дағы айырылдым өз ағамнан.  
Шырақтай мың күн жанған бір сәтте өшті,  
Алдында бағдаршамым дара жанған.  
Сыншы еді сырын талдар түрлі өнердің,  
Көркі еді сөз қадірін білген елдің.  
Қасиетін тірісінде ұқпадық деп,  
Оның да сипаларымыз жүрген орнын.

Көсілсе көмейінен бұлақ ағып,  
Асылды ақтарушы ед сыбаға қып.  
Ал енді еленбеген есті сөзді,  
Іздесек табармыз ба шырақ алып.  
Көкшеде кім бар? – десе, Төкем бар деп,  
Жүруші ең, алаң болмай бекер қам жеп.  
Көкшенің даласынан көшіп барад,  
Бір басы бүкіл елге жетер дәулет.  
Не керек енді көзден ағызған жас,  
Ажалды ешкім соттап арызданбас.  
Өлместей көрген қайран Төкеміз-ай,  
Қайтейін, елді деуге ауыз бармас-деп еске алды.

Иә, нар тұлғалы ақынның қазасына тек Көкше жұрты ғана емес күллі қазақ даласы қайғырды. Әдебиет әлемінде кесіп айтып, текті сөйлер Төкеңнің орны ойсырап қалды. Ойы терең, айтпағы ерен ақынның шығармашылығына назар аударсақ:

...Түн деген – түнек, ұйқыдан бездім,  
Безуе бет белдерді қиялмен кездім.  
Дүбәрә тірлік, мәңгүртте ұрпақ,  
Оңалмас күйін күн санап сездім.

Сыйықсыз заман сыйламас сақал,  
Жастарың анау кеудемсоқ “нахал”.  
Дейтұғын қартың келмеске кеткен:  
“Қолыңды жай, ал кәне бата ал!”.

Қызың ба мынау қызылға құмар,  
Тәрк қып арды қойныңа құлар.  
Анамның тілі қайыршы халде,  
Төрегілерден садақа сұрар!

Даңғазға әннен құлағым керек,  
Әншілер емес әңгүдік дер ем.  
Замана зарын айта алмай тіпті,  
Өкініш өртеп, өксіген өлең...

Байлығым қайда, сарқылмас деп ем,  
Қорқау қылықтан түршікті денем.

Жетпекші едім күндерге жарқын,  
Қайырлап қалды желкенсіз кемем.

Даңғаз дақпырт, мадағың ғажап,  
Саңдалған сана, сайқалды мазақ,  
Мүләйім мінез, желқуық кілең –  
Қайда барасың қаймана қазақ?!

Бағытың бұлдыр, жолың бар тайғақ,  
Шықпапсың сапар барыңды сайлап.  
Замана саған мүсіркек деймісің,  
Жел құған қаңбақ барады айдап.

Тарттырар азабың аз ба еді бізге,  
Кешікпе, тездет, жолыңды ізде.  
Әркіміге бір жалтақтап қалған,  
Өлетін өгіздей көзіңді сүзбе!

Пайдасын тапты ку аяқ епті,  
Ақиқат сорлыны өзекке тепті.  
Аманат біткен адыра қалды-ау,  
Бабалар алдында ұялсақ етті.

Тасбақа тірлік, алдамшы күндер,  
Ысқаяқ суық, ызғарлы түндер.  
Сүлдесі бар да сезімнен ада,  
Келешек ұрпақ қазақты кім дер?..

Сорлы едік неткен сормандай біздер,  
Жарқылы сөнген жабырқақ жүздер.  
Бодауға түскен басымды қорғап,  
Қазақтың жоғын қайсың бар іздер?-дейді  
Көкшенің көк қаршығасы. Төлеген ақын өлген жоқ, халықтың жүрегінде жыр болып жатталып, ән болып әуелеп жасай береді. Төкеңнің жауһар жырларынан, шығармаларынан сусындарған жастар оның мұраларын ұрпақтан ұрпаққа жеткізери сөзсіз.

**З. ЖАЙНАРБЕК.**

## Мәуліт құтты болсын!

Сүйікті пайғамбарымыз хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) дүниеге келген мәуліт күні жөнінде Алла Тағала Құран Кәрімде:

«Ей, мүміндер! Сендерге өз араларыңнан бір пайғамбар келеді. Сендер қиындыққа ұшырасаңдар – Оған ауыр тиеді. Ол сендердің тура жолда болғандарыңды қалайды, мүміндерге құштар, өте жанашыр» («Тәубе» сүресі, 128-аят), - деген.

Ол құрайыш тайпасынан, оның ішіндегі Бани һашим әулетінен шыққан. Туған жері дініміз үшін ең қасиетті орын саналатын, Алла Тағаланың рақметі жауып тұратын Мекке қаласы. Әкесінің аты Абдулла, оның әкесі Әбдүлмүтәліп, оның әкесі һашим, оның әкесі Абдуманәп. Анасының есімі – Әмина. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ата-анадан жалғыз. Өйткені, әкесі перзенті өмірге келмей тұрып-ақ дүние салған, анасынан да Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) 6 жасында айырылған. Мұхаммед (с.ғ.с.) Исадан (р.а.) милади жыл санауы бойынша 571 жылдан кейін, 20 сәуірде, һижри жыл санауы бойынша Рабиул-әууал айының 12-сі, дүйсенбі күні дүниеге келген.

Ана құрсағында 6 айлық болғанда: «Құдайдың досы, соңғы пайғамбарға жүкті болдың, бұл бала туғанда есімі Мұхаммед болсын», - деп Әминаға аян етіледі.

Ол дүниеге келген таңда ғажап оқиғалар болды. Дүние нұрға толды. Әмина босағанда өзге әйелдер секілді толғақ қысу, қан кетуге ұқсас қиыншылықтарды көрмеді. Пайғамбарымыз

(с.ғ.с.) туылғанда үстінен жұпар иіс аңқып тұрды. Келінінің нұрлы бір перзент көргендігін естіп атасы Әбдүлмүтәліп үлкен той жасады. Құрайыш руының ұлықтарынан шақырды. Сүйікті немересіне Мұхаммед деп есімін қойды.

Мұхаммед сөзінің түбірі «мақтау», «ризашылық» дегенді білдіреді. Осы сөзден мақтау, мадақ, Аллаға шүкір, мақтаулы, ең мақтаулы деген сөздер туындайды. Сөйтіп, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) бірнеше аттары бар: Мұхаммед, Ахмед, Махмұд, Мұстафа.

Мұхаммед (с.ғ.с.) қыр мұрынды, сақалы үлкен және қалың, дөңгелек жүзді, қызыл шырайлы, жүзінен нұр тамып тұратын. Екі жауырының ортасында пайғамбарлық мөрі бар еді. Мүбәрәк аппақ тістері жарқырап, сөйлегенде аузынан нұр шашылып тұратын. Денесі тап-таза, хош иісті. Терлегенде де одан әдемі иіс шығатын. Біреуге қол беріп амандасса, ол кісі күні бойы сол иіске бөленіп, көңілі хош жүретін. Мүбәрәк қолымен бір сәбидің басын сипаса, ол сәби басқа сәбилерден хош иісімен ерекшеленіп шыға келетін. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) аса сезімтал, алыстағыны еститін, көреген еді.

Жүргенде жеңіл адымдап, тез-тез жүретін, сырттан қарағанда жәй жүріп бара жатқандай көрінгенімен жанындағылар қанша тырысса да ілесе алмай қалып қоятын.

Бос сөз сөйлемейтін, әрбір сөзі даналық әрі насихат еді. Жылы жүзді, тәтті сөзді болатын. Ешкімге жаман сөйлемейтін, ешкімге жамандық

жасамайтын, ешкімнің сөзін бөлмейтін. Жұмсақ мінезді, өте кішіпейіл еді. Айбатты және байсалды еді. Қатты күлмей, тек жымыятын. Жұртқа көзінің қиығымен ғана қарайтын. Сахабалары алдына жіберіп, өзі соңында жүретін. Кім-кімге де бірінші болып сәлем беретін.

Туған-туыстарын құрмет тұтатын, үй ішімен, сахабаларымен жақсы қарым-қатынаста болатын. Қызметшілерін жақсы көретін, өзі не ішсе, не кисе, оларға да соны ішкізіп, соны кидіретін.

Өте жомарт, қолы ашық, мейірімді, жұмсақ мінезді, уәдесіне берік еді. Жаратылысы да, мінезі де әдемі, адамдардың ең көмілі, теңдессіз еді. Ал енді айтулы мерекенің шығу тарихына аз-кем тоқталайық.

Мәуліт – араб сөзі, қазақша «туған күн» деген мағына береді. Бұл атау Алла Тағаланың ең сүйікті пендесі, Адам атадан (р.а.) Иса (р.а.) пайғамбарға дейінгі Алла Тағала елшілерінің соңғысы әрі сардары Мұхаммедтің (с.ғ.с.) дүниеге келуінің құрметіне берілген. Сондықтан да әр жылы Рабиул-әууал айында Алла Тағала өзінің сүйікті пайғамбары Мұхаммедтің (с.ғ.с.) үмметі етіп жаратқанына сансыз шүкірлік етіп, Оған салауаттар айтып, Мәулітті Ислам әлеміндегідей мерекелеу бізде де дәстүрге айналды.

Қазіргі таңда мәуліт көптеген мұсылман елдерінде атап өтеледі. Марокконың ортағасырлық тарихшысы әл-Ифрани:

«Жұрт жайғасқаннан соң ислам ғұламасы алға шығады да Пайғамбардың (с.ғ.с.) ізгі сипатта-

ры жайлы әңгімелейді. Оның туғанынан бастап өмірінің соңына дейін басынан кешкен жәйттерін саралап шығады», - деп жазды. Осындай уағыздар мен онда баюдалатын кейбір оқиғалар желісі кейінірек маулидийа дастандарының шығуына себеп болған.

Алайда Пайғамбарға (с.ғ.с.) жыр арнау дәстүрі оның көзі тірі кезінде де болған. Мысалы, ақын Каъб бин Зухайр (?-662) оған «Банат Суад» деген поэмасын арнаған. Осы ақынға еліктеп көптеген шайырлар да Пайғамбарға (с.ғ.с.) өз жырларын бағыштаған. Маулудийа поэмаларында хазреті Мұхаммедтің (с.ғ.с.) туғанынан бастап, бақилыққа көшкенге дейінгі өмірі жайлы айтылады. Ол құрылымы жағынан араб әдебиетінің дәстүрлі жанрларының бірі – қисалардан алшақ емес. Мұхаммедтің (с.ғ.с.) ерекше жаралғандығы мен керемет қасиеттері жөніндегі әңгімелердің кең тарауына байланысты Пайғамбардың (с.ғ.с.) туған күні – мәулітті жыл сайын тойлап отыру дәстүрі өмірге осылай келген.

Қазақ елінде мәуліт ана тілімізде де оқылған. Бірқатар ақындар мен дін қайраткерлерінің қазақ тілінде жазылған мәуліт жырлары бар. Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-и Рашидидің» алғы сөзінде Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) арнап: «Мұхаммед (с.ғ.с.) – мүміндер көзінің нұры, жаратылыстың гүлзары, екі жаһанның тәжі», - деп мадақ сөз жазған.

**Д. ТҰРДЫАҚЫНҰЛЫ, «Алтайбек ата» мешітінің бас имамы.**



# РЕДАКЦИОННАЯ ПОЧТА

## Ақмола облысында дін мәселелері жөніндегі республикалық ақпараттық-түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылды

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Дін істері комитетінің арнайы жобасы аясында ағымдағы жылдың 27-28 қазан аралығында Ақмола облысында дін мәселелері жөніндегі республикалық ақпараттық-түсіндіру тобының (РАТТ) мамандары қазақстандық қоғамның дәстүрлі, мәдени және отбасылық құндылықтарын нығайтуға бағытталған діни – ағартушылық жұмысын, сонымен қатар діни экстремизмнің таралуын алдын алуға бағытталған рухани-ағарту жұмысын ұйымдастыру шеңберінде жергілікті тұрғындармен бірқатар іс-шаралар мен кездесулер өткізілді.

Аталған кездесулерге РАТТ мүшелерінен (теологтар, дінтанушылар) –Сүлейманов Ж.О., Уразбаев Қ.И., Нүсіпханов Т.Н., Тұрапбай М.Н. тартылды.

РАТТ мүшелерінің қатысуымен Көкшетау қаласында Шоқан Уалиханов атындағы Көкшетау және Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті студенттерімен, «Науан Хазрет» облыстық «Жақия Қажы» Көкшетау, Бурабай және Ақкөл аудандық мешіт жамағатымен, «ЕЦ-166/25 мекемесі» РММ ҚАЖД қарасты түзету мекемесінде жазасын өтеуші діндар азаматтарымен, «Новопэк» ЖШС жұмысшыларымен, ҚР ҚМ Шоқан Уалиханов атындағы әскери және «Ақкөл қ. Агротехникалық колледжі» МКҚК колледж студенттері мен оқытушыларына, Щучинск қ. Орталық базары, «Қазақстан», «Керемет» сауда үйлерінің өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, сатушылар, жергілікті тұрғындарға, аудандық кітапхана және мәдениет үйінің еңбек ұжымы қызметкерлерімен және т.б. кездесулер ұйымдастырылды.

Өткізіген іс-шараларда өңірлердің тұрғындарына Қазақстанда тұратын барлық конфессиялар мен этностардың бейбіт өзара іс-қимылы мен қатар өмір сүруіне, Қазақстан халқының мәдениеті мен рухани мұрасына, деструктивті жалған діни және радикалды идеялардың зияндылығына бағытталған дін саласындағы мемлекеттік саясаттың мәні туралы ақпараттар берілді. Сарапшылар діннің рухани-адамгершілік құрамдас бөлігі мәселелеріне, сондай-ақ деструктивті діни ағымдардың әсеріне қарсы тұру шараларына ерекше назар аударды.

Тыңдаушылар тарапынан да РАТТ мүшелеріне бірқатар сұрақтар қойылып, тұшымды жауаптар алынды.

**Н. МӘУКЕН, «Нұржан» ЖК басшысы.**

## В Акмолинской области организована республиканская информационно-разъяснительная работа по вопросам религии

В рамках проекта Комитета по делам религий Министерства информации и общественного развития РК в Акмолинской области 27-28 октября текущего года членами республиканской информационно-разъяснительной группы (далее – РИРГ) по вопросам религии проведен ряд мероприятий и встреч с местными жителями в рамках повышения религиозно-грамотности населения, формирования традиционных духовно-нравственных ценностей в обществе и профилактики религиозного экстремизма.

На данных встречах присутствовали члены РИРГ (теологи, религиоведы) – Ж. О. Сүлейманов, Қ. И. Уразбаев, Т. Н. Нүсіпханов, М. Н. Тұрапбай

В ходе проведенных мероприятий граждане были информированы о сути государственной политики в сфере религии, направленной на мирное взаимодействие всех конфессий и этносов, проживающих в Казахстане, культуре и духовном наследии народа Казахстана, пагубности

деструктивных псевдорелигиозных и радикальных идей.

Также были обсуждены актуальные вопросы о ситуации в сфере религии, новые методы, идеи и предложения по эффективной и систематической работе при формировании традиционного религиозного сознания среди подрастающего поколения, вопросы повышения религиозной грамотности, обмена опытом и специальными навыками при работе с молодежью.

**Н. МӘУКЕН, руководитель ИП «Нұржан».**



## Приглашаем на юбилей школы!

В этом году КГУ «Общеобразовательная школа села Отрадное» отмечает своё 55-летие!

Дата празднования юбилея – 26 ноября (суббота) 2022 года в 18.00 часов в здании школы. В день юбилея педагогический коллектив приглашает всех выпускников, ветеранов педагогического труда на торжественную встречу.

**Оргкомитет школы.**



## Когда есть поддержка, появляется мотивация

В первых числах ноября в городе Караганда прошел VII Международный фестиваль робототехники, программирования и инновационных технологий «ROBOLEND 2022». Со всех регионов Казахстана и стран зарубежья: Кыргызстан, Узбекистан, Россия и Греция, на который приехали почти 800 участников.

«На два дня спортивный комплекс «Жастар» в Караганде превратился в территорию будущего. Огромный зал заполнили роботы. Одни то и дело взмывали над потолком, другие играли в футбол, третьи рисовали геометрические фигуры, четвертые преодолевали лабиринты. Тут же, на 3D-принтере, печатались самые разные изделия. А их создатели самого разного возраста, начиная с пяти лет, издавна следили за результатами своих разработок».

Соревнования проходили по 16 категориям. Акмолинскую область представляли команды, занявшие призовые места на уровне области: IT школа-интернат «Білім-инновация» г. Щучинск, КГУ «Білім-инновация лицей-интернат», ГКП на ПХВ «Bolashaq Sarayı» из города Кокшетау и КГУ «ООШ № 1 г. Макинск» Буландынского района. Команду Буландынского района представляли учащиеся: Павел Лупиков, Никита Дервоед, Денис Бобровский, Сергей Волошенко, тренер команды: Баян Шанбаева.

Фестиваль проводился в течение трех дней. В программе: шоу роботов, концертная программа, выступление вице-министра, выставка робототехнической продукции, конференции, встреча с руководителями различных компаний в сфере инноваций и робототехники. По результатам соревнований в категории «Лабиринт» и «Сумо», в которых участвовали представители нашей области, призовые места не были заняты. Наша команда показала по Сумо – восьмой результат из 15 команд, а по лабиринту – тринадцатое место из 25 команд. Мы вернулись из поездки вдохновленными, настроенными участвовать дальше, планируя работу в данном направлении, понимая, над чем нам надо будет работать в дальнейшем.

Есть меценаты, которые идут в ногу со временем и понимают, что в век инноваций и передовых технологий надо развивать это направление. Одна из них – Клара Тунгушевна Мендыбаева, директор ТОО «ХПП Арна», которая обеспечила формой нашу команду, приобрела для школы «поле» для лабиринта, благодаря чему в последнюю неделю мы имели возможность тренироваться. Выражаем Кларе Тунгушевне и руководителю РОО Алие Жолдыгуловой благодарность в организации поездки и создании условий для подготовки к Фестивалю.

**КГУ «ООШ № 1 г. Макинск».**



## Утвержден регламент проведения предвыборных дебатов

АСТАНА. КАЗИНФОРМ – Центральная избирательная комиссия РК утвердила регламент проведения предвыборных дебатов и дискуссий, которые состоятся 11 ноября в прямом эфире телеканала «Хабар», передает корреспондент МИА «Казинформ».

На повестке дня стоял вопрос об организации и проведении предвыборных телевизионных дебатов.

«В настоящее время телеканалом «Хабар» разработан регламент проведения предвыборных телевизионных дебатов и дискуссий на выборах Президента РК, назначенных на 20 ноября 2022 года. Проект регламента представлен на согласование в Центральную избирательную комиссию. Проектом предусмотрен порядок проведения предвыборных дебатов и дискуссий: общие требования к участникам, очередность выступления участников, язык проведения, продолжительность эфирного времени», - сказала член ЦИК РК Анастасия Щегорцова.

Регламент проведения предвыборных дебатов и дискуссий выглядит следующим образом. Первый раунд – презентация предвыборной программы, которая предусматривает высту-

пление каждого участника с целью представления своей предвыборной программы. Второй раунд – дискуссионная сессия. В этом раунде участники задают своим оппонентам по два вопроса, а также отвечают на два вопроса. На формулировку вопроса дают 30 секунд, а на ответ – каждому участнику предоставляются по две минуты.

Третий раунд – вопросы от избирателей. Каждому кандидату будет задан один вопрос. Время, предусмотренное на ответ – до двух минут.

Четвертый раунд – обращение к избирателям. Участники напрямую обратятся к избирателям. На каждое выступление отводится по две минуты.

В дебатах примут участие Каракат Абден, Нурлан Ауесбаев, Жигули Дайрабаев, Мейрам Кажыкен, Ерлан Кошанов (станет представителем Касым-Жомарта Токаева), Салтанат Турсынбекова.

Дебаты пройдут 11 ноября на телеканале «Хабар» в прямом эфире в 20:00.

## Где проголосовать на выборах Президента РК, можно узнать в Haluk Homebank

20 ноября состоятся внеочередные выборы президента РК. Для того чтобы проголосовать, необходимо знать номер своего избирательного участка. С помощью нового сервиса от Haluk Bank любой казахстанец, достигший 18 лет, сможет быстро и просто определить номер и адрес участка для голосования. Все, что для этого нужно, – быть пользователем приложения Haluk Homebank. Сервис разработан в сотрудничестве с Центральной избирательной комиссией и Министерством цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности РК.

Для поиска избирательного участка в приложении достаточно в разделе «Госуслуги» активировать кнопку «Выборы президента – поиск избирательного участка», после чего автоматически

определился номер и адрес участка. В случае если участок не определен, можно выбрать регион прописки и узнать номер кол-центра для получения консультации.

Информацию можно узнать и за другого человека, к примеру, за своего родственника. Для этого достаточно ввести его ИИН, и данные по участку станут доступны. «Все больше казахстанцев активно пользуются цифровыми услугами. И наша, как профильного министерства, задача – обеспечить согражданам доступ к необходимой для них информации. Сейчас, видя высокий интерес общества к предстоящим выборам президента РК, мы в сотрудничестве с ЦИК и нашим партнером Haluk Bank вывели на цифровую платформу банка новый сервис. Это сделано для удобства людей, которые готовы

участвовать в голосовании», — подчеркнул министр цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности РК Бағдат Мусин.

«Мы предоставляем самые актуальные и востребованные цифровые услуги, причем зачастую опережаем запросы наших клиентов. Сегодня мы запустили новый сервис, который позволит пользователям Haluk Homebank легко и просто узнать адрес и номер своего избирательного участка. Банк заботится об удобстве клиентов, поэтому мы сделали все возможное, чтобы каждый гражданин Казахстана мог реализовать свое избирательное право, найти свой участок и проголосовать на выборах президента РК», — сказал заместитель председателя правления Haluk Bank Нариман Мукушев.



## САЙЛАУ – 2022

## ВЫБОРЫ – 2022

**ҚР Президенттігіне үміткер Қарақат Әбден Жезқазған жастарымен кездесті**

ҚР Президенттігіне үміткер Қарақат Әбден үгіт-насихат жұмысын жалғастыруда. Жезқазған қаласында ол жастармен кездесті, оның барысында қоғам мен жас ұрпақтың өзекті мәселелері, орта арнаулы және жоғары білім беруді, студенттерге арналған жатақханаларды дамыту мәселелері талқыланды.

«Жастар – біздің болашағымыз. Жастарға көмектесу – бұл біздің ертеңгі күнімізге тікелей инвестиция. Кездесу барысында біз өзекті тақырыптарды талқыладық. Жастардың қоғамның қоғамдық-саяси процестеріне белсенді қатысуы қуантады, олар елдегі болып жатқан оқиғаларға бей-жай қарамайды», - деді Қ. Әбден.

Кездесуге қатысушылар жас ұрпақ санасында ұлттық және патриоттық рухты қалыптастыру, үйлесімді даму және қыздар тәрбиесінің маңыздылығын айтты.

Бұған дейін К.Абденнің сайлауалды штабына ТМД бақылаушылар миссиясы штабының басшысы Евгений Козак пен миссия штабының мүшесі Алла Харченко келген еді. Ол кездесуде ҚР Президенттігіне үміткер халықаралық байқаушыларды үгіт-насихат науқан барысы, сайлауалды штабтың жұмысы туралы хабардар етті.

Сайлау науқаны 21 қазанда басталып, сайлауға бір күн қалғанда, 19 қарашада аяқталады. Бұл күн республика бойынша үнсіздік күні болады. Президент сайлауы 20 қарашада өтеді.

**Алматыда құқық қорғаушылар Тұрсынбековаға әйелдер партиясын құруды ұсынды**

ҚР Президенттігіне үміткер Салтанат Тұрсынбекова Алматыда құқық қорғаушылармен кездесті.

Әңгімелесуге және өз үміттерін жеткізуге құқық қорғаушылар, ҰЕҰ құрылтайшылары және қоғамдық пікір көшбасшылары келді.

Кездесу қатысушылары тұрмыстық зорлық-зомбылық, толық емес отбасылар, көп балалы аналар, жалғызбасты аналар, оңайтылған ипотека, әлеуметтік тұрғын үй, адам саудасы, бала құқығын қорғау, кедейлік пен табыс теңсіздігі, дарынды жастар және олардың шетелге кетуіндегі күрделілік, жергілікті атқарушы органдардың құқық қорғаушылар мәселелеріне немқұрайлылығы мәселелерін көтерді.

Кездесу соңында Салтанат Тұрсынбековаға аталған мәселелерді дамытатын әйелдер партиясын құру ұсынылды.

Алматыда Президенттікке үміткер Салтанат Тұрсынбекова «Тәуелсіздік таңы» монументіне гүл шоғын қойып, 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы құрбандарын еске алды.

Алматы - үміткердің сайлауалды үгіт-насихат сапарларындағы алтыншы өңір. Құқық қорғаушы елорда, Шымкент, Қарағанды, Ақмола, Түркістан облыстарында болды.

Сайлау науқаны 21 қазанда басталып, сайлауға бір күн қалғанда, 19 қарашада аяқталады. Бұл күн бүкіл республика бойынша үнсіздік күні болады. Президент сайлауы 20 қарашада өтеді.

**Нұрлан Әуесбаев тікелей эфирде сайлауалды үгіт-насихаттың аралық қорытындылары туралы айтты**

Жалпыұлттық социал-демократиялық партиядан Президенттікке үміткер Нұрлан Әуесбаев тікелей эфирде сайлауалды үгіт-насихаттың аралық қорытындылары туралы айтып берді. Сондай-ақ, ол Астанада өткізілген тығыз құрылысқа қарсы митингтің қорытындыларын шығарды.

Үміткер атап өткендей, 2 апта ішінде сайлауалды штабпен бірқатар іс-шаралар өткізілді. Атап айтқанда, Н. Әуесбаев Қарағанды, Ақтөбе, Ақмола облыстарында, Шымкент және Алматы қалаларында болып, бірқатар ауылдық елді-мекендердің тұрғындарымен кездесті.

Өңірлік сайлауалды штабтар 30 үгіт-насихат іс-шарасын өткізді. Сондай-ақ, ЖСДП үміткер Республикалық сайлауалды штаб ұйымдастырған тығыз құрылысқа қарсы митингке қатысты.

Митинг қорытындысы бойынша қарар қабылданып, онда ЖСДП тұрғын үй кешендерімен қатар міндетті түрде балабақшалар, мектептер, ауруханалар, скверлер салуды жақтайтыны көрсетілген.

Қарарда экология, қажетті инфрақұрылым құрылысы, салынып жатқан үйлердің сапасын арттыру қажеттілігі мәселелері көтеріледі.

Сайлау науқаны 21 қазанда басталып, сайлауға бір күн қалғанда, 19 қарашада аяқталады. Бұл күн бүкіл республика бойынша үнсіздік күні болады. Президент сайлауы 20 қарашада өтеді.

**Жигули Дайрабаев Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің студенттерімен кездесті**

ҚР Президенттігіне үміткер Жигули Дайрабаев Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің студенттерімен, оқытушыларымен және қызметкерлерімен кездесті. Кездесу барысында ол жиналғандарды өзінің сайлауалды бағдарламасымен таныстырып, «Ауыл» партиясы қызметінің негізгі бағыттары туралы айтты.

Университеттің бірегейлігі аграрлық ғылымның, білім мен өндірістің тығыз интеграциясында жатыр. Студенттерді, магистранттарды және докторанттарды оқыту олардың ғылыми зерттеулерге және ғылыми-техникалық жобаларға белсенді қатысуына негізделген.

«Қазақстанда аграрлық ғылым, ғалымдар бар. Бірақ олардың ғылыми-зерттеу қызметінің сапалы нәтижелері аграрлық өндіріске жетпейді. Іске асыру жүйесі жұмыс істемейді. Ғылымның ұйымдық құрылымын, сондай-ақ аграрлық ғылымды қаржыландыру тәсілдерін түбегейлі өзгерту қажет», - деп атап өтті Жигули Дайрабаев.

Кездесу соңында жиналғандар Жигули Дайрабаев пен партияның президенттік сайлаудағы бастамаларын қолдауға дайын екендіктерін білдірді.

Сайлау науқаны 21 қазанда басталып, сайлауға бір күн қалғанда, 19 қарашада аяқталады. Бұл күн бүкіл республика бойынша үнсіздік күні болады. Президент сайлауы 20 қарашада өтеді.

**ҚР Президенттігіне үміткер Мейрам Қажыкен Өскеменде болды**

ҚР Президенттігіне үміткер Мейрам Қажыкен Өскемен қаласына барып, облыстық аурухананың диагностикалық орталығының медицина қызметкерлерімен кездесті.

Кандидат жиналғандарға өзінің сайлауалды бағдарламасы туралы айтып берді. Одан кейін адамдар өздерін қызықтыратын сұрақтар қоя алды.

Әрі қарай М.Қажыкен үгіт-насихат науқаны аясында «Восток Сүт» корпорациясына барды. Кездесуде үміткер өз сайлауалды бағдарламасының негізгі аспектілерін атап өтті. Тұсаукесерден соң ол экономикалық реформалар мен азаматтық қоғамның дамуына қатысты сұрақтарға жауап берді.

Кейін Мейрам Қажыкен «Каравай» ЖШС ұжымымен кездесті. Кәсіпорын ұжымы қонақты жылы қарсы алып, жаңа піскен нан табыстады. Оған өндірілген цехтар туралы айтылып, оның дәмін татып көруді ұсынды.

Үміткер өзінің сайлауалды тұғырнамасының мазмұны туралы айтып, әлеуметтік блокқа түсініктеме берді.

М. Қажыкен оқушының немесе студенттің ата-анасының мәртебесі мен қаржылық жағдайына қарамастан білім беру сапасын арттыру маңыздылығын айтып өтті.

Естеріңізге салсақ, сайлау науқаны 2022 жылдың 21 қазанында басталып, сайлауға бір күн қалғанда, яғни 19 қарашада аяқталады. 19 қараша - республика бойынша тыныштық күні. Ал 20 қарашада президенттік сайлау өтеді.

**Тоқаевтың республикалық қоғамдық штабы Алматы және Жетісу облыстарында кездесулер өткізді**

Президенттікке үміткер Қасым-Жомарт Тоқаевтың республикалық қоғамдық штабының мүшелері Алматы облысының сайлаушыларымен кездесулер өткізді. Өтеген батыр ауылында балалар клиникалық ауруханасының қызметкерлерімен кездесіп, оның барысында үміткердің сайлауалды бағдарламасында көрсетілген ұлттық денсаулық сақтау жүйесін дамытудың негізгі мақсаттарын сөз етті.

Бұдан әрі РҚШ мүшелері облыс жұртшылығымен кездесті.

Өңірдің көп балалы аналарымен штаб мүшелері үміткердің өскелең ұрпақты қолдау және қиын өмірлік жағдайға тап болған отбасыларды әлеуметтік қамтамасыз ету жөніндегі сайлауалды бастамаларын талқылады.

Осы күні РҚШ мүшелері Іле ауданының құрметті азаматтарымен үміткердің сайлауалды бағдарламасын талқылап, Қонаев қаласында жастармен кездесу өткізді.

Жетісу облысының кәсіпкерлерімен кездесуде шағын және орта бизнесті қолдау шаралары айтылды. Балпық би ауылында РҚШ мүшелері Көксу қант зауытының еңбек ұжымымен кездесіп, бизнес пен еңбек адамын қолдау бойынша басымдықтар талқыланды.

Сайлау науқаны 2022 жылдың 21 қазанында басталып, сайлауға бір күн қалғанда, 19 қарашада аяқталады. Бұл күн тыныштық күні болады. ҚР Президентінің сайлауы 20 қарашада өтеді.

**Сайлау-2022: Теледебатқа қатысатын кандидаттар тізімі бекітілді**

Орталық сайлау комиссиясының отырысында 20 қарашада өтетін президент сайлауына кандидаттардың пікірсайысының регламенті мен қатысушылар тізімі бекітілді. Телевизиялық пікірсайыс 11 қарашада «Хабар» телеарнасының эфирінде өтеді, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

«ҚР Орталық сайлау комиссиясының қаулысымен бекітілген сайлау алдындағы пікірсайысты өткізу қағидалары мен шарттарына сәйкес, ОСК регламентімен келіседі және сайлау алдындағы пікірсайысқа қатысушылардың тізімін бекітеді. Қазіргі уақытта «Хабар» телеарнасы президенттікке кандидаттардың сайлау алдындағы пікірсайысын өткізу регламентін әзірледі. Регламент жобасы ОСК-ге келісуге ұсынылды. Жобада сайлау алдындағы пікірталасты өткізу талаптары қарастырылады», - деді ҚР ОСК мүшесі Анастасия Щегорцова.

Оның атап өтуінше, регламентте қатысушыларға қойылатын жалпы талаптар, олардың сөйлеу тәртібі, өткізу тілі және эфир уақытын белгілеу көзделген. «Регламентке сәйкес, президенттікке кандидаттың сайлау алдындағы

пікірсайысы 4 раундта өткізіледі. Раундтарға сәйкес, пікірсайысқа қатысушылар өздерінің сайлау бағдарламасымен сөз сөйлеуге, қарсыластарына сұрақ қоюға, сайлаушылардың сұрақтарына жауап беруге, сонымен қатар сайлаушыларға үндеу жасауға мүмкіндік алады. Регламент жобасы сайлау алдындағы пікірсайыстарды өткізу қағидалары мен шарттарына сәйкес келеді», - деді ол.

Оның атап өтуінше, сайлау алдындағы пікірсайыстар мен пікірталастарға қатысу үшін кандидатураларды ҚР президенттігіне кандидаттардың сайлау штабтары ұсынды.

«Алынған мәлімет негізінде телевизиялық пікірсайысқа қатысушылардың келесі құрамы ұсынылады: Әбден Қарақат Жақсылыққызы, Әуесбаев Нұрлан Сатыбалдыұлы, Дайрабаев Жигули Молдахалықұлы, Қажыкен Мейрам Зекешұлы, Қошанов



Ерлан Жақанұлы, Тұрсынбекова Салтанат Пархатқызы. Осылайша, пікірсайыс өткізу регламентімен келісу, сонымен қатар телевизиялық пікірсайысқа қатысушылардың тізімін бекіту туралы қаулы жобасы қарауға ұсынылады», - деді ОСК мүшесі.

Орталық сайлау комиссиясының мүшелері 20 қарашаға белгіленген кезектен тыс президент сайлауында сайлау алдындағы телевизиялық пікірсайыс ұйымдастыру және өткізу туралы қаулы қабылдады.

**ЦИК аккредитовала 134 иностранных наблюдателя**

АСТАНА. КАЗИНФОРМ - С 1 по 7 ноября этого года Центральная избирательная комиссия аккредитовала 134 иностранных наблюдателя, передает корреспондент МИА «Казинформ».

«С момента открытия 22 сентября 2022 года Института международного наблюдения за внеочередными выборами Президента РК ЦИК РК аккредитованы 139 наблюдателей от международной организации и от 8 иностранных государств. В период с 1 по 7 ноября Центральной избирательной комиссией от Министерства иностранных дел РК представлены кандидатуры 134 наблюдателей от 4 международных организаций 14 иностранных государств. От 4 международных организаций на аккредитацию вынесены 110 наблюдателей, в том числе от Миссии наблюдателей от СНГ – 55 наблюдателей, от Межпарламентской Ассамблеи государств-участников СНГ – 34 наблюдателя, в составе Миссии от ШОС -19 наблюдателей, от Организации тюркских государств – два наблюдателя. От 14 иностранных государств на аккредитацию представлены 24 кандидатуры, в том числе от Великобритании, Ирака, Италии, Латвии, Сербии, Узбекистана, Финляндии по два наблюдателя. От Армении, Венгрии, Кыргызстана, Литвы, Польши и Тайланда – по одному наблюдателю. От Российской Федерации приедут 4 наблюдателя», - сказал на заседании секретарь ЦИК РК Мухтар Ерман.

По итогам на 8 ноября 2022 года аккредитовано от Международных организаций иностранных государств 271 наблюдателей с учетом отзыва двух наблюдателей от международных организаций. По мере поступления представления аккредитаций данные будут обновляться.



# К СВЕДЕНИЮ НАЛОГОПЛАТЕЛЬЩИКОВ

## Вниманию налогоплательщиков!

Руководствуясь статьей 127 Налогового кодекса РК, УГД по Буландынскому району публикует список граждан, имеющих задолженности по налогу на транспортные средства.

Обязанность по уплате налогов предусмотрена в соответствии с п.1 ст. 365 Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (далее Налоговый кодекс). Плательщиками налога на транспортные средства являются физические лица, имеющие объекты налогообложения на праве собственности.

Напоминаем, что налогоплательщики могут узнать наличие/отсутствие задолженности по налогам, пройдя по следующей ссылке: <http://kgd.gov.kz/ru/app/culs-taxarrear-search-web> а так же через налоговое мобильное приложение E-SalykAzamat.

Также сообщаем, что, согласно статьи 128 Налогового Кодекса Республики Казахстан, при неуплате налога на транспортные средства в установленные сроки, налогоплательщик будет привлечен к административной ответственности.

### СПИСОК ДОЛЖНИКОВ ПО БУЛАНДЫНСКОМУ.

Table with 4 columns: №, ИИН, ФИО, Тенге здж. Lists taxpayers with their identification numbers and names.

Table with 4 columns: №, ИИН, ФИО, Тенге здж. Continuation of the taxpayer list.

Table with 4 columns: №, ИИН, ФИО, Тенге здж. Continuation of the taxpayer list.

УГД по Буландынскому району.

## Сыбайлас жемқорлық туралы жалпы түсінік және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері

Сыбайлас жемқорлық үнемі мұқият зерделеуді, жүйелі тәсілді, кешенді және жедел қарсы іс-қимылды талап ететін қазіргі қоғамның жағымсыз құбылысы болып табылады. Елдегі сыбайлас жемқорлықтың деңгейі мен ауқымы экономикалық дамуды тежейді, инвестициялық ахуалға теріс әсер етеді, елдің имиджін, Қазақстан Республикасымен ынтымақтастыққа халықаралық мүдделілікті төмендетеді. Осыған байланысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдығы болып табылады.

Қазір барлық елдер, соның ішінде ең озық елдер, жаңа сын-тегеуріндерді ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің өз модельдерін қайта қарайды, сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілікті қатаңдату туралы жаңа заңдар мен нормаларды қабылдайды.

Қазақстан үшін сыбайлас жемқорлықты жеңу мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі болып табылады, оның басымдылығы Мемлекет басшысымен нақты белгіленген.

Біздің мемлекетімізде 1998 жылы «сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» және 1999 жылы «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңдары қабылданды. Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің пәрменді құралына айналған және мемлекеттік қызметшілердің мәртебесін, құқықтары мен міндеттерін, олардың моральдық-адамгершілік бейнесіне және іскерлік қасиеттеріне қойылатын талаптарды айқындаған «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы № 1567 Жарлығы. Барлық мемлекеттік органдар сыбайлас жемқорлыққа қарсы түрлі іс-шаралар салынған ведомстволық бағдарламалар мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жоспарларды қабылдайды. Бүгінгі күні Қазақстан Республикасында қандай да бір шамада сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске қатысты заңнама бар және дамуда, оған тікелей сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң, түрлі сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттік бағдарламалар кіреді, сыбайлас жемқорлық қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік көзделген. Қазіргі кезеңде салынған

